



Бизнес – жоспар

СПОРТТЫҚ ОҚЫТУ

Орындаған: Қомшабай А.С.

Тексерген: Темірбек Е.Б.

• Мазмұны	
• Кестелер тізімі	3
• Суреттер тізімі	4
• Түйіндеме	5
• Кіріспе	7
• 1. Жоба концепциясы	8
• 2. Өнімнің (қызметтің) сипаттамасы	9
• 3. Өндіріс бағдарламасы	11
• 4. Маркетингтік жоспар	12
• 4.1 Өнім (қызметтер) нарығын сипаттау.....	12
• 4.2 Негізгі және потенциалды бәсекелестер	14
• 4.3 Нарықтың дамуының болжамдық бағасы, күтілетін өзгерістер.....	14
• 4.4 Маркетинг стратегиясы	14
• 4.5 Тәуекелдіктерді талдау	15
• 5. Техникалық жоспарлау	17
• 5.1 Технологиялық процесс	17
• 5.2 Ғимараттар және құрылыстар.....	18
• 5.3 Қондырғы және мүліктер (техника)	19

• 5.4 Коммуникация инфрақұрылымы.....	19
• 6. Ұйымдастыру, басқару және қызметкерлер құрамы.....	20
• 7. Жобаны жүзеге асыру	21
• 7.1 Жүзеге асыру жоспары.....	21
• 7.2 Жоба жүзеге асырылуының шығындары.....	21
• 8. Пайдалану шығыстары.....	22
• 9. Жалпы және әкімшілік шығыстары	23
• 10. Қаржыландыруды қажетсіну.....	24
• 11. Жоба тиімділігі.....	25
• 11.1 Cash-flow кескіні.....	25
• 11.2 Пайдалар мен шығындарды есептеу.....	25
• 11.3 Баланс проекциясы	25
• 11.4 Қаржылық индикаторлар.....	25
• 12. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер.....	27
• 12.1 Жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызы	27
• 12.2 Қоршаған ортаға әсері.....	27
• Қосымша	28.

• Кестелер тізімі

• 1 Кесте – Жылдар бойынша өндірістің болжалынған бағдарламасы	11
• 2 Кесте – Қызметтерге арналған бағалар.....	11
• 3 Кесте –Жобаның мықты және әлсіз тұстары.....	15
• 4 Кесте - Қажетті қондырғылар тізімі, мың теңге	19
• 5 Кесте – Жобаны жүзеге асырылуының күнтізбелік жоспары.....	21
• 6 Кесте – Бір айдағы ауыспалы шығындар, мың теңге.....	22
• 7 Кесте - Бір айдағы кәсіпорынның жалпы және әкімшілік шығындары, мың теңге.....	23
• 8 Кесте – Еңбекақы шығынын есептеу, мың тг	23
• 9 Кесте – Жаттықтырушылардың еңбекақы шығындарын есептеу, мың тг.	23
• 10 Кесте –Жоба инвестициясы, мың тг	24
• 11 Кесте – Қаржыландыру бағдарламасы, мың тг.....	24
• 12 Кесте – Несиелендіру шарты.....	24
• 13 Кесте. – Несие ресурстарын игеру және өтеу, мың тг.....	24
• 14 Кесте –Пайдалылық көрсеткіштері	25
• 15 Кесте – Жобаның қаржы көрсеткіштері.....	26
• 16 Кесте – Жобаның зиянсыздығын талдау,мың теңге.....	26
• 17 Кесте – Болжамдау кезіндегі салықтық түсімдердің ауқымы.....	26

Суреттер тізімі

- 1.сурет Солтүстік Қазақстан облысындағы демалыс және спорттық қызметтердің ауқымы.....12
- 2.сурет Солтүстік Қазақстан облысындағы кезеңнің басындағы тұрғындар саны.....13
- 3.сурет Ұйымдастыру құрылымы.....20

Түйіндеме

Жоба концепциясы Солтүстік Қазақстан облысындағы спорттық оқыту қызметін қарастырады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – халықты спорттық қызметтермен қанағаттандыру, тұрғындарды спортқа баулу

Кәсіпорынның қызмет түрлері:

- - каратэмен топтық айналысу
- - ушу, тхэквондомен топтық айналысу
- - жеке жаттығулар

Сонымен қатар, кәсіпорын қызметінің мақсаты - оның қатысушыларының материалдық әл-ауқатын жақсарту үшін пайда табу болып табылады.

Жобаланған кәсіпорынның мақсатты аудиториясы – барлық тұрғындар (балалар, ересек адамдар – салауатты өмір салтын ұстанатын, ұстанғысы келетін, спортқа деген қызығушылығы бар және денсаулығын күтетін, күткісі келетін барша адамдар) болып табылады.

- Жобаға кеткен жалпы инвестициялық шығындарға кіреді:

Қажетті қаражаттар	Соммасы, мың теңге	Үлесі
Негізгі капиталға қаржы құю (инвестиция)	705	100%
Айналымдағы капитал	0	0%
Барлығы	705	100%

Жобаны қаржыландыру өз есебінен де, қарызға алумен де жүзеге асыру жоспарлануда:

Қаржыландыру көзі	Соммасы, мың теңге	Үлесі
Меншік қаржылары	106	15%
Қарыз қаржылары	599	85%
Барлығы	705	100%

Келесі несиелендіру шарттары қабылданды:

Несие валютасы	теңге
Жылдық пайыздық үлесі	7%
Өтеу мерзімі, жыл	3,0
Пайыздарды және негізгі қарызды өтеу	Ай сайын
Пайызды өтеудің жеңілдетілген кезеңі, ай	0
Негізгі қарызды өтеудің жеңілдетілген кезеңі, ай	3
Өтеу типі	тең үлестермен

Кәсіпорын қызметінің ұтымды көрсеткіштері:

Қаржы көрсеткіштері	Өлш. бір.	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
өткізуден алынған түсім	Мың тг.	483	3150	4284	4788	5040	5292	5544	5796	6048
жалпы пайда	Мың тг.	236	1782	2498	2945	3168	3390	3614	3838	3629
Таза пайда	Мың тг.	24	456	1094	1483	1643	1794	1942	2087	1796
сатудың пайдалылығы	%	49%	57%	58%	62%	63%	64%	65%	66%	60%
Таза пайдалылығы	%	5%	14%	26%	31%	33%	34%	35%	36%	30%
Бөлісуге кеткен таза ақша ағымы	Мың тг.	38	361	959	1372	1726	1877	2025	2170	1879

- 8 % дисконттау мөлшерлемесінде жобаның жүзеге асырылуының 2-ші жылдағы инвестициялық капиталдың таза дисконтталған табысы 833 теңгені құрады

Жоба ұтымдылығының көрсеткіштері (2-ші жыл)	2018 жыл
Табыстылықтың ішкі ортасы (IRR)	85,2%
Ағымдағы таза баға (NPV), мың теңге	833
Өтімділік индексі (PI)	2,3
Жобаның өтімділігі (қарапайым), жыл	1,24
Жобаның өтімділігі (дисконтты), жыл	1,29

- Экономикалық көзқарас тұрғысынан жоба келесілерге мүмкіндік туғызады:
 - Спорттық оқыту қызметін ұсыну бойынша жаңа кәсіпорын құру
 - жалпы өңірлік өнімді ұлғайту
 - Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне салықтар мен басқа да аударымдар енгізу
 Әлеуметтік әсері арасынан төмендегіні атап көрсетуге болады:
 - - Спорттық сапалы қызметтерде тұрғындардың сұранысын қанағаттандыру.
 - - Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтауға үлес қосу
 - - Қызметкерлерге тұрақты табыс алу үшін жаңа жұмыс орындарын құру.

Кіріспе

Жекпе-жек өнері біздің елімізде бұрыннан бері танымал. Оларға деген қызығушылық 80-90-шы жылдары жекпе-жекке арналған батыс фильмдері экранға шыға бастаған кезден басталды. Адамдар жекпе-жекпен әртүрлі себептермен айналысады. Кейбіреулері балаларын өздерін қорғай алу үшін жекпе-жек мектептеріне береді. Біреулері бұндай жаттығулар – жақсы физикалық жаттығулар деп есептейді. Ал, басқа біреулері өздерінің хоббилерін бара-бара табыс көзіне айналдырады.

Ірі және орташа қалаларда көптеген автономды үйірмелер бар, олардың көбісі, әртүрлі жекпе-жек түрлеріне баулу мақсатында қарапайым мектептер базасында құрылады.

Ең алдымен, бұл – каратэ, дзюдо, ушу, кун-фу, айкидо, тхэквондо, кикбоксинг, джиу-джитсу. Басқа да түрлері бар, алайда олар аз таралған, мысалға, славян-грек күресі, Вин Чун, самбо, жауынгерлік цигун.

Алайда, осындай үйірмелердің көптігіне қарамастан, шағын қалаларда мұндай мүмкіндіктер әлі толық емес.

1. Жоба концепциясы

Жобаның концепциясы Солтүстік-Қазақстан облысында спорттық оқыту туралы кәсіпорын қызметін ұйымдастыруды қарастырады.

Жаттығуларды кәсіби жаттықтырушылар және спорт шеберлері өткізетін жекпе жекпе баулу мектебін ашу жоспарланады.

Жекпе-жек түрлері - каратэ, ушу и тхэквондо. Жаттығулар жеке және топтық түрде жүргізілетін болады. Кәсіпорын жеке кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формасын қарастырады.

Кәсіпорынның мақсаты - қатысушының әл-ауқатын жақсарту мақсатында табыс табу.

Жобаны жүзеге асыру барысында ғимаратты жалға алу көзделеді, айына – 30 мың теңге.

Жоспарланатын қызметтің мақсатты аудиториясы – тұрғындар болып табылады. (балалар, ересек адамдар – салауатты өмір салтын ұстанатын және денсаулығын күтетін адамдардың барлығы кіреді).

Бұл бизнес-жоспар әрекетке келтіру басшылығының соңғы нұсқасы болып табылмайды, ол тек осындай бизнес-ойды дамытудың потенциалды мүмкіндігін көрсетеді. Сондықтан аталған жобаны жүзеге асыру кезінде алғашқы жобадағы кететін шығындар өзгеруі мүмкін. Жобаланған кәсіпорынның бәсекеге қабілетті артықшылығын, сонымен қатар сатып алынатын қондырғылардың өзіндік ерекшеліктерін толық ашып көрсету қажет.

2. Қызмет(тауар) сипаттамасы

Жекпе-жек мектебі – бұл кез-келген (қажетті талаптарға жауап беретін) адамның өз қалауынша шығыс жекпе-жектерін нағыз шеберлерден үйрене алу мүмкіндігі бар жері. Оқыту бағдарламасына бір жекпе жек түрі, сонымен қатар бірнеше бағыттары кіруі мүмкін. Аса танымал дегендердің қатарына - кунг-фу, каратэ, дзюдо, тейквандо, ушу, айкидо және тағы басқалары.

Өз жекпе-жек мектебін иеленудегі басты сәттердің бірі – мектепке әртүрлі қоғамдық жағдайы және кез-келген жас ерекшеліктері бар қонақтар келеді. Өз топтарын жақсы көретін төрт жасар балалармен қатар, жекпе-жек өнерлерін шыңдап жүрген он жеті жасарлар да бар. Мектеп жасындағы балаларды түстен кейінгі топта шамалас есептеп, Аналарға көңіл бөлуге болады, балалары мектепте болған кездегі, жаттығуларды бос уақыттары түскі кезге қоюға болады.

Жұдырықтасу бойынша энтузиасттар үшін ең басты басымдылығы – жастардың аталған спорт түріне қызығушылықтарын арттыру, қызықтырып және білікті және ержүректі балуанды жаттықтыру болып табылады. Аталған жауынгерлік өнер түрін жандандыруға біраз уақыт кетті, сондықтан бүгінгі ырғақ бойынша ол әрі қарай осылайша белсенді дамуы тиіс.

Жұдырықтасу бойынша энтузиасттар үшін ең басты басымдылығы – жастардың аталған спорт түріне қызығушылықтарын арттыру, қызықтырып және білікті және ержүректі балуанды жаттықтыру болып табылады. Аталған жауынгерлік өнер түрін жандандыруға біраз уақыт кетті, сондықтан бүгінгі ырғақ бойынша ол әрі қарай осылайша белсенді дамуы тиіс.

- **У-шу** – барлық жастағы, әр түрлі салмақтағы адамдардың айналыса беруіне болатын, сырқаттығына, дененің кемістігіне еш зиян тигізбейтін аса пайдалы жаттығулардың тұтас жүйесі. Қытай халқының жекпе-жек спорттарын жалпы түрде «У-шу» деп атайды. Ол «соғыс техникасы» немесе «соғыс өнері» деген мағынаны білдіреді.



Каратэ (жапонша – қарусыз қолмен) – қарусыз қорғандың бір түрі; қол және аяқпен қарсыласы денесінің неғұрлым осал тұсына соққы беруге негізделген. Спорттық жекпе-жектің бір түрі. Рюкю топаралындағы Окинава аралдарында 15 ғасырда пайда болған. Сөйтіп, Каратэ Қытайдың кунг фу қарусыз күрес түрімен қатар дамыған. Қазір Каратэнің каратэ-до (олимпиялық спорт түрі), шотокан, кекусинкай, ситро-рю, годзюрю, вадо-рю деген түрлері бар.

У-шу көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан спорттың түрі. Қазіргі кезде оның неше түрлі мектептері, олардың өздеріне тән көптеген ерекшеліктері бар. У-шудың адам өз еркімен, асықпай, байыппен жасайтын әдіс – тәсіл жаттығулары денсаулықты сақтауда және нығайтуда өте пайдалы. Шығыс жекпе – жектерінің бұл түрі негізінен қарсы жақтың шабуылынан қорғану үшін қолданылады.

Қорғану мен шабуыл жасауға адамның барлық дене мүшелері қатысады. Сонымен бірге бірнеше құрал түрлері пайдаланылады. У-шу адамның жаны мен тәнін бірдей шынықтырып, жетілдіретін, алуан түрлі шабуылдан қорғануға өте қолайлы спорт түрі болғандықтан, ғасырдан ғасырға жалғасып, дүние жүзіне тарады.




- **Каратэде** адамның дене дайындығы дайындығы (күш, шапшандық, шыдамдылық, ептілік және т.б. ғана сынға түспейді сонымен қатар жақсы жетілген әдіс тәсіл, айла, спортшының бойындағы рух мықтылығы да сыналады. Оның бәсекелері екеуара спаринг-матч ретінде өтеді және мұндай жағдайда каратэ жекпе-жегінің көптеген әдістерін қолдануға рұқсат етілмейді. Жекпе-жек кезінде спортшылар бір-бірін жарақаттап алмас үшін к-энің кейбір әдістеріне қолдануға тыйым салынған.



Тхэквондо (кор. 태권도, 跆拳道 – /тхэгвондо/) — шығыс күрестеріне жататын ұрыстық спорттың бір түрі. корей халқының ұлттық спорты ретінде мәлім.

2000 жылдан бастап олимпиядалық спорт түрі болып саналанады. Тхэквондо бір жағынан ежелгі спорттың түрі, екінші жағынан заманауи күрес жүйесі болып табылады. Тхэквондо ежелгі корей қағидаларына, ежелгі күрес түрлеріне сүйінеді. Бірақ қазіргі таңда таралған тхэквондоның қалпы 20-ыншы ғасыр шамасында пайда болған.

Таеквондода спортшының аяғы мен қолы қатар жұмыс істейді, мақсаты жарыс ережесіне сай келетін әдістерді пайдалана отырып жеңіске жету. Таеквондошы әрқашан өз-өзіне сенімді, салқынқанды, сабырлы не нәрсе жасаса да ойланып барып орындайтын адам.



3. Өндіріс бағдарламасы

Келесі кестеде жылдар бойынша өндірістің болжалынған бағдарламасы көрсетілген:

1. Кесте – Жылдар бойынша өндірістің болжалынған бағдарламасы

Өндірістік бағдарлама (айлық орт. мөлш.)	Өлшем бірлігі	2016топ	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Қуаттылығы	%	58%	63%	85%	95%	100%	105%	110%	115%	120%
Қаратә топтық жат.	адам	17	19	26	29	30	32	33	35	36
	топ	2	2	3	3	3	3	3	3	4
Ушу, тхэквондо топтық жат.	адам	17	19	26	29	30	32	33	35	36
	топ	2	2	3	3	3	3	3	3	4
Жеке жаттығулар	сағат	35	38	51	57	60	63	66	69	72

Барлық үйірмелер бойынша қатысушылардың жалпы саны – 34 (4 топ), бара-бара олардың санын 72 адамға (8 топ) дейін апару көзделіп отыр.

Келесі кестеде қызметтерге арналған бағалар көрсетілген:

2-кесте, қызметтерге арналған бағалар

Қызмет атауы	Бағасы
Бір айлық абонементтің бағасы, 1 ай-теңге	5000
Жеке жаттығулардың бағасы, 1 жаттығу-теңге	2000

Қызметтердің бағасы Солтүстік Қазақстан облысындағы ортанарық бағалардың ескере отырып, анықталды.


4. Маркетингтік жоспар

4.1 Өнім (қызметтер) нарығын сипаттау

Солтүстік Қазақстан облысында қызмет көрсету саласы бойынша 2015 жылы кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің саны 1529 құрады, оның 533-і – жеке кәсіпкерлер.

1.сурет - Солтүстік Қазақстан облысындағы демалыс және спорттық қызметтердің ауқымы, млн. Теңге.


Дереккөз: С. Қ. О. Департамент статистикасы



Суретте көріп тұрғанымыздай, С.Қ.О. Спорттық қызметтердің ауқымы 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 294,5 млн. Теңгеге көтерілді.

Суретте көрініп тұрғандай, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындар саны 2015 жылдан 2012 жылға 4,1 мың адамға азайды.

Кәсіпорынның спорттық қызметті қолданатын негізгі тұтынушылар - Петропавл қаласының тұрғындары болады (облыстың әкімшілік орталығы). Мақсатты тұтынушыларға - барлық тұрғындар (балалар, ересек адамдар – салауатты өмір салтын ұстанатын, ұстанғысы келетін, спортқа деген қызығушылығы бар және денсаулығын күтетін, күткісі келетін барша адамдар) кіреді. Петропавл қаласының тұрғындарының саны 2015 жыл мен 2014 жылды салыстырғанда 1,2 мың адамға көбейген.



4.2 Негізгі және потенциалды бәсекелестер

Кәсіпорынның бәсекелестері болып Солтүстік Қазақстан облысында аталмыш кәсіппен айналысатын компаниялар болып табылады.

Айта кету керек, СҚО спорттық оқытумен айналысатын көптеген үйірмелер бар.

Құрылайын деп жатқан кәсіпорынның басты артықшылықтары болып:

- - Әділ және табысты саясат көзі
- - Бәсекелес бағалар, жеңілдіктердің ұтымды саясаты
- - Кәсіпорын қызметкерлерінің кәсібилігі
- - Әрқашан даму, жаңашылдық енгізу.

• 4.3 Нарықтың дамуының болжамдық бағасы, күтілетін өзгерістер

Қазақтың ұрыс өнері жекпе-жекте қайта жаңғырту, бүгінгі ұрпақтың ісі. Бойында намысы бар, өресі биік алаш азаматтары Қазақ ұлттық “жекпе-жек” қауымдастығын құрып, төл өнерімізді әлемге паш ету үшін тың жобаны бастап жіберіпті. Тарихи бастаманың негізгі мақсаты төл өнеріміз жекпе-жекте келешекте әлемдік аренаға шығару болып табылады. Ал, осы күндері өтіп жатқан іріктеу кезеңдерінің нәтижесі ретінде, алдағы күз Алматыда жекпе-жекте Әлем кубогы үшін тұңғыш жарыс өткізілмек.

2009, Тамыздың 10-ы. ҚазАқпарат Тамыздың 1-9-ы аралығында Бангкокте (Тайланд) өткен шығыс жекпе-жегі бойынша алғашқы Азия ойындары аяқталды, деп хабарлады Астана қаласының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасынан. Жарыстар спорттың 9 түрі бойынша - джиу-джитсу, дзюдо, карате-до, кикбоксинг, кураш, муайтай, пенчак силат, таэквондо, ушу және кунфу - өтті. Құрлықтың 45 елінен 2 500 спортшы қатысқан ойындарда Қазақстан спортшылары спорттың 7 түрінде өнер көрсетті. Қазақстан құрамасы 34 медальмен қорытынды жалпыкомандалық есепте екінші орынды иеленді. Біздің құраманың қоржынына 15 алтын, 7 күміс, 12 қола медаль салынды.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, Қазақстанда жалпы жауынгерлік, жекпе-жек өнері жылдан жылға дамуда, балалардың осы өнерге деген қызығушылығы күннен күнге артып келеді.

Ал, бұл өз кезегінде кәсіпорынның жылдар бойына өз тиімділігін ұстап тұруына әсер етеді.

4.4 Маркетинг стратегиясы

- Жаңа кәсіпорынды Қазақстандағы жоғары сапалы қызметті ұсынатын спорттық оқыту кәсіпорны ретінде орнын айқындау қажет.

Бастапқы кезеңде спорттық үйірме ашылғанға дейін орталық бұқара құралдарына жекпе жек өнері кәсіпорыны жұмысының бастағаны туралы жарнамалап мақала жариялау, 1-2 ай бұрын PR компаниясы жұмыс жүргізу қажет.

Алғашқы қатысушыларға жаттығулары үшін баға бойынша жеңілдіктерді анықтап, ол туралы PR мақаланы облыстық және республикалық газеттерде жариялау.

Сұранысты қалыптастыру және өткізуді ынталандыру төменде келтірілген шарттарға сүйеніп жасалынады:

- Бәсекелестік қызметтердің әрқашанғы мониторингі
- Біліктілігі жоғары мамандар;
- Сұранысты ынталандыру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру.

• **Жоба бойынша SWOT – талдау:**

3-Кесте, Жобаның мықты және әлсіз тұстары

Сыртқы орта	Мүмкіндіктері	<ol style="list-style-type: none"> 1. СӨС танымалдылығы 2. Жаңа бағдарламалардың ашылуы 3. Жаңа филиалдардың ашылуы (сұраныс көп болған жағдайда) 4. VIP – тұтынушылар үшін күрес
	Қауіптері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бәсекелестіктің артуы 2. Тұтынушылардың төмен табыстары 3. Тұтынушылардың төмен белсенділігі(қызығушылығы) 4. Бұқаралық спорт түрлерінің танымалдылығы 5. Нұсқаушы сертификаттарына деген жаңа талаптардың пайда болуы
Ішкі орта	Мықты жақтар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіби қызметкерлер 2. Қызметтердің әртүрлілігі 3. Әлемдік стандарттарға сай жаттығу бағдарламасы 4. Жақсы қаржы базасы 5. Дүние-мүліктің жоғары сапасы
	Әлсіз жақтары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қалыптасқан жағымды имидждің болмауы(танымалсыздық)

Осы мәліметтерді ескере отыра, кәсіпорынның бағытталған жоспарына жетуге қажетті жобаның күшті жақтары мен мүмкіндіктерінің жеткілікті екеніне көз жеткізуімізге болады.

- **4.5 Тәуекелдерді талдау**
- Кез келген кәсіпорын бастапқы кезеңдерде тәуекелдермен тығыз байланысты болады. Бизнес-идеяның жүзеге асырылу барысында мүмкін болатын барлық тәуекелдерге талдау жасап алайық.:
- - Қызмет көрсету бағдарламасын орындамау қаупі
 - Сатылымдардың дұрыс басқарылмауы
 - Жалға берушінің жалға беруден бас тарту тәуекелі – Жөндеу жұмыстарын өткізетін жағдайда, жалға берушімен осы мәселені келісімшартта талқылап алу.
- - Кадр таңдаудағы қиындықтар – Рекрутингтік агенттіктерге жүгіну – қажетті қызметкерлерді жұмысқа алу мақсатымен.
- Инвестициялық тәуекелдерге талдау жасау бизнес-идеяның болашақтағы қаржы жоғалтудағы қателіктердің алдын алады.

• 5. Техникалық жоспарлау

• 5.1 Технологиялық процесс


Ушу - қытай тілінен аударғанда әскери дайындық деген мағынаны білдіреді. Оның тарихы өте көне замандары кетеді, ертеден қалыптасқан бай дәстүрі бар. Қытайда оны ХХ ғ-дың 60-шы жылдарынан бастап насихаттай бастады. Осы кезде Ә. Жұртшылығы мерзімді баспасөзде жарияланған үлкенді-кішілі мақалалардан, атақты киноартист Брюс Ли қатысқан фильмдер арқылы ушумен танысып бас айналатын жекпе-жек әдістері тынымсыз еңбек, талмай жаттығулар арқылы келетінін түсіне бастады.

Ушу екіге бөлінеді: 1. Ушу-санышоу, қытай әскери дайындығының қолданбалы түрі. Бұл сырттай қарағанда кикбоксингке ұқсас, бірақ оған қарағанда спортшылар орындайтын қимыл-қозғалыстары жан-жақты. 2. Ушу-таолу қару-жарақты қолдану арқылы жасалады.

Кей тұсы көркем гимнастикаға, кей тұсы акробатикаға келіңкірегенмен жалпы алғанда нәзік, дәлдікке негізделген.



У-шу көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан спорттың түрі. Қазіргі кезде оның неше түрлі мектептері, олардың өздеріне тән көптеген ерекшеліктері бар. У-шудың адам өз еркімен, асықпай, байыппен жасайтын әдіс – тәсіл жаттығулары денсаулықты сақтауда және нығайтуда өте пайдалы. Шығыс жекпе – жектерінің бұл түрі негізінен қарсы жақтың шабуылынан қорғану үшін қолданылады.



- **Каратэде** адамның дене дайындығы дайындығы (күш, шапшаңдық, шыдамдылық, ептілік және т.б. ғана сынға түспейді сонымен қатар жақсы жетілген әдіс тәсіл, айла, спортшының бойындағы рух мықтылығы да сыналады. Оның бәсекелері екеуара спаринг-матч ретінде өтеді және мұндай жағдайда каратэ жекпе-жегінің көптеген әдістерін қолдануға рұқсат етілмейді. Жекпе-жек кезінде спортшылар бір-бірін жарақаттап алмас үшін к-энің кейбір әдістеріне қолдануға тыйым салынған.
- Соққыны берген адам емес, соққыны қабылдап, төзе білген адам мықты. Біз спортта идеяны насихаттаймыз. **Каратэ**» сөзі «бос қолдың жолы», ал «киокушинкай» сөзі «асболюттік ақиқат қоғамы» («кио» - ақырғы, шектік; «шин» - ақиқат, шындық; «кай» - қоғам, одақ) деген мағына береді. Алайда Киошинкай сөзінің мағынасы бұдан да терең болуы мүмкін. Каратэнің осы түрімен айналысушылардың пікірінше, бұл сөздің мағынасын түсіну үшін тек рухани ізденіспен шектелмей, көптеген жаттығулардан өту керек.

Таэквондо (тхэквондо) - корей халқының ұлттық спортының бір түрі. 2000 жылдан бастап олимпиадаға енгізілген таэквондоның шығу тарихы алыста жатса да, заманауи күрес жүйесі ретінде ол тек ХХ ғасырда қалыптасты. Таэквондода спортшының аяғы мен қолы қатар жұмыс істейді, атауы да соған орай қойылған: «тхэ» - аяқ, «квон» - жұдырық (қол), «до» - өнер дегенді білдіреді. Мақсаты – жарыс ережесіне сай келетін әдістерді пайдалана отырып жеңіске жету. Таэквондошы әрқашан өз-өзіне сенімді, салқынқанды, сабырлы, не нәрсе жасаса да, ойланып барып орындайтын адам болуы керек.

Біздің елге жекпе-жектің бұл түрі тәуелсіздікпен бірге келді десек болады. Дәл сол жылдары әлемге әйгілі таэквондошы Мұстафа Өзтүрік атажұрты Қазақстанға келіп таэквондо жоғары мектебінің негізін қалаған еді.

- **5.2 Ғимараттар және құрылыстар**

Жобаны жүзеге асыру барысында ғимаратты жалға алу көзделеді, айына – 30 мың теңге.

- **5.3 Қондырғы және мүліктер (техника)**

4 Кесте - Қажетті қондырғылар тізімі, мың теңге

Атауы	Саны	Бағасы	Сомма
Қондырғылар			681
Татами 12*12 м	144	4	576
Снарядтар (қолғаптар, «лапы»)	15	7	105
Тағы басқа қ.қ.			24
Кассалық аппарат	1	24	24
Барлығы			705

- **5.4 Коммуникация инфрақұрылымы**

Жобада жалға алынған ғимарат(қажетті коммуникациясы бар) қарастырылады.

- **6. Ұйымдастыру, басқару және қызметкерлер құрамы**

- Кәсіпорынмен жалпы басшылықты басқарушы атқарады. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы төменде көрсетілген түрге ие болады:

- 3.сурет Ұйымдастыру құрылымы



• **7.2 Жоба жүзеге асырылуының шығындары**

Инвестициялық шығындар құрамына кіреді:

- Құрылғылар, қондырғылар, татами, қолғаптар
- Тағы басқалары, кассалық аппарат
- Инвестициялық шығындар өз қаржымызбен де, және қарыз үлесімізбен де толықтырылады, және **705 мың теңгені** құрайды. Оның **681 мың** теңгесі құрылғылар, керек жарақтарға, ал қалғандарына - **24 мың** теңге.

•

• 8. Пайдалану шығысы

- Пайдалану шығысы айнымалы шығыстардан құралады.

6 Кесте – Бір айдағы ауыспалы шығындар, мың теңге.

Қаратә топтық жаттығулар	3	топ	24	Мың тг.	72 (сомасы)
Ушу, тхэквондо топтық жаттығулар	3	топ	24	Мың тг.	72
Жеке жаттығулар	120	Мың тг.	40%	%	48
Барлығы	Саны	Өлш.бірлігі	Мағынасы	Өлш.бірлігі	192

Есепке алынатындай, бір айға 60 жеке жаттығулар өтпекші. Осындай жолмен, жеке жаттығулардан келетін түсім - 120 мың теңгені құрайды, оның 40%

жаттықтырушыларға негізгі салудан бөлек, ауыспалы салым ретінде беріліп отырады. 1 топта жаттығу жүргізгені үшін жаттықтырушы – 24 мың теңге алып отырады. 3 топтық жаттығу жүргізгені үшін 72 мың алады.

Осылайша, ауыспалы шығындардың бір айдағы соммасы - 192 мың теңгені құрайтын болады.

- **9. Жалпы және әкімшілік шығыстар**

- 7 Кесте - Бір айдағы кәсіпорынның жалпы және әкімшілік шығындары, мың теңге

Шығындар	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
ЕТҚ	19	20	21	23	24	25	26	27	29
Ғ. Жалға алу	30	32	33	35	36	38	40	42	44
Тұрм. Қаж.	4	4	5	5	5	6	6	6	6
Жарнама	10	11	11	12	12	13	13	14	15
Спорт. Инвентарь	10	11	11	12	12	13	13	14	15
Банк қызметі	5	5	5	5	5	6	6	6	7
Тағы басқа	10	11	11	12	12	13	13	14	15
Барлығы	88	93	97	102	107	113	118	124	131

- **Тұрақты шығындардың 5% жылдық өсуі айқындалып тұр.**

8 Кесте – Еңбекақы шығынын есептеу, мың тг

Лауазымы	саны	қызметақы	Есептеуге	беруге	ЕТҚ
Әкімшілік-басқарушылық персонал					
Басқарушы	1	19	19	17	19
Барлығы	1	19	19	17	19
Персонал б-ша барлығы	1	19	19	17	19

Еңбекақы төлеуге кеткен шығындардың сомасы бір айға – 19 мың теңгені құрайды (жеке кәсіпкердің табатын ақысы).

Жаттықтырушылармен келісілген еңбекақы қарастырылады.

9- кесте, Жаттықтырушылардың еңбекақы шығындарын есептеу, мың тг.

Шығындар	Өлш. Бірл.	Мағынасы	Ескертпе
Бір жаттықтырушыға жүктеме	Сағат/ай	36	3 топ * 12 сағат/айына
Топтық жатт. Түскен еңбекақы	Тг/ай	72	2000 тг/сағатына
Жеке жаттығ. Түскен еңбекақы	Мың тг/1 топ айына	24	12 сағат*2 мың тг/сағ.
	%	40%	Түскен түсімнен

Есепке алынды: айына бір жаттықтырушыға 12 сағаттан 3 топ қарастырылады. Барлығы 3 жаттықтырушы болады.

10. Қаржыландыруды қажетсіну

- Жоба бойынша жалпы инвестициялық шығындарға жатады:
- 10-кесте – Жоба инвестициясы, мың тг

Қажетті қаражаттар	Соммасы, мың теңге	Үлесі
Негізгі капиталға қаржы құю (инвестиция)	705	100%
Айналымдағы капитал	0	0%
Барлығы	705	100%

Жобаны қаржыландыру жоба бастамашысының өзіндік қаражат есебінен және қарыздық капитал есебінен іске асыру жоспарлануда.

- 11-кесте – Қаржыландыру бағдарламасы, мың тг

Қаржыландыру көзі	Соммасы, мың теңге	Үлесі
Меншік қаржылары	106	15%
Қарыз қаржылары	599	85%
Барлығы	705	100%

- Несиелендірудің келесі шарттары қабылданды:

- 12-кесте – Несиелендіру шарты

Несие валютасы	теңге
Жылдық пайыздық үлесі	7%
Өтеу мерзімі, жыл	3,0
Пайыздарды және негізгі қарызды өтеу	Ай сайын
Пайызды өтеудің жеңілдетілген кезеңі, ай	0
Негізгі қарызды өтеудің жеңілдетілген кезеңі, ай	3
Өтеу типі	аннуитет

- Барлық келісімдер бойынша, несие толық көлемде 2016 жылы өтеледі.

- 13-кесте. – Несие ресурстарын игеру және өтеу, мың тг

Кезеңі	Жиыны	2016	2017	2018	2019
Игеру	599	599	0	0	0
Капиталдандыру %	72	7	37	22	6
НҚ төленді	599	0	187	218	194
Өтелді %	72	7	37	22	6
НҚ қалдығы	0	599	412	194	0

11. Жоба тиімділігі

11.1 Cash-flow кескіні

Cash-flow кескіні (Ақшалай қаражат қозғалысының есептемесі, Қосымша 1) нақты ақша ағындарын, яғни қолма-қол ақша түсімін (нақты қаражат түсімі) және төлемдерді (нақты қаражаттың жылыстауы) көрсетеді. Есептеме 3 бөлімнен тұрады:

- 1) операциялық әрекет – қызметтің негізгі түрі, сондай-ақ компанияның ақшалай қаражатының түсуі мен шығындалуын тудыратын өзге қызмет;
- 2) инвестициялық әрекет — айналымнан тыс активтер (негізгі қаражат, материалды емес активтер) мен өзге инвестицияларды сатып алу, тудыруға байланысты қызмет түрі;
- 3) қаржылық әрекет – қаражаттың мөлшері мен құрамының және компанияның қарыздық қаражаттарының өзгеруіне әкелетін қызмет түрі. Әдетте, мұндай қызмет операциялық және инвестициялық қызметті қаржыландыру үшін қажетті несиелер мен қарыздарды тартумен және қайтарумен байланысты.
- Қаражат ағынын талдау (қосымша №1 берілген бизнес-жоспар үшін «Cash Flow» ақша қаражаттар қозғалысының жорамалы») жоба жылдары бойынша оның оң серпінін көрсетеді.

11.2 Пайдалар мен шығындарды есептеу

- Жоспарланатын пайдалар мен шығындардың есебі толығымен Қосымша 2 көрсетілген.

14-кесте –Пайдалылық көрсеткіштері

Кестеде көрсетіліп тұрғанда, 2024 жылға там
Тиімділік 30%-ға жетеді.

Қаржылық көрсеткіш.	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Сатыл. Тиімділігі %	49	57	58	62	63	64	65	66	60
Таза тиімділік %	5	14	26	31	33	34	35	36	30

- **11.3 Баланс проекциясы**

- Болжамдық баланс Қосымша 3 көрсетілген.

- **11.3 Қаржылық индикаторлар**

- Дисконттау мөлшерлемесі 8% болғанда 2 жылда инвестицияланған капиталдың таза дисконтталған табысы 833мың тг құрады.

- 15-кесте, Жобаның қаржы көрсеткіштері

Жоба ұтымдылығының көрсеткіштері (2-ші жыл)	2018 жыл
Табыстылықтың ішкі ортасы (IRR)	85,2%
Ағымдағы таза баға (NPV), мың теңге	833
Өтімділік индексі (PI)	2,3
Жобаның өтімділігі (қарапайым), жыл	1,24
Жобаның өтімділігі (дисконтты), жыл	1,29

• 16-кесте – Жобаның зиянсыздығын талдау,мың теңге

Кезеңі	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Қызмет. Жүз. Ас. табысы	483	3150	4284	4788	5040	5292	5544	5796	6048
Баланстық пайда	39	550	1223	1626	1794	1953	2108	2261	1977
Қызмет. толық өзін. құны	444	2600	3061	3162	3246	3339	3436	3535	4071
Тұрақты ш.	197	1232	1276	1318	1374	1438	1506	1577	1652
Айнымалы ш.	247	1368	1786	1843	1872	1901	1930	1958	2419
Шекті табыс соммасы	236	1782	2498	2945	3168	3391	3614	3838	3629
Алынған түсімдегі ш. т.	0,488	0,566	0,583	0,615	0,629	0,641	0,652	0,662	0,600
Залалсыз. шегі	404	2178	2187	2144	2185	2244	2310	2382	2753
Қаржы. Орн. қоры (%)	16	31	49	55	57	58	58	59	54
Залалсыздық	84	69	51	45	43	42	42	41	46

- Кестеде көрсетілгендей, кәсіпорын үшін залалсыздықтың нүктесі жүзеге асырылуының көлемі болып табылады, жылына (2016 жыл) - 2 144 мың теңге. Қаржы тұрақтылығының қоры 2017 жылы 31 % құрайды, бұдан әрі қарай көрсеткіш 54 % -ға дейін барады.
- 17-кесте – Болжамдау кезіндегі салықтық түсімдердің ауқымы

Салық түрі	Соммасы, мың теңге
Табыс салығы, әлеум. салық	1213
ЕТҚ-дан салықтар мен міндетті төлемдер	3701
Барлығы	4914

Берілген жобаны жүзеге асыру нәтижесіндегі салықтық түсімдер өлшемі 8 жылда 4 млн 914 мың тг құрайды.

Кәсіпорынның әкімшілік-құқықтық - заңды тұлғаларға арналған арнайы салықтық режимін қолданатындығы есепке алынды, соған сәйкес ККС, ҚҚС, мүлік салығы және әлеуметтік салық сынды салықтар салықтардың жалпы соммасынан 3% азаяды.

12. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсер

• 12.1 Жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызы

Жоба жүзеге асырылуы кезінде келесі мәселелердің шешілуі қарастырылған:

- жаңа жұмыс орындарын құру, бұл жұмыскерлерге тұрақты табыс алуды мүмкін етеді;
- Спорттық оқыту бойынша жаңа кәсіпорын құру;
- Солтүстік Қазақстан облысының (Петропавл қ.) бюджетіне салықтар мен өзге аударымдардың (8 жылда 4 млн. тг. артық) түсуі.
- Әлеуметтік әсері арасынан төмендегіні атап көрсетуге болады:
 - - Спорттық сапалы қызметтерде тұрғындардың сұранысын қанағаттандыру.
 - - Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтауға үлес қосу
 - - Қызметкерлерге тұрақты табыс алу үшін жаңа жұмыс орындарын құру.

Жоба жүзеге асырылуының нәтижесінде 4 жұмыс орны құрылады. Қызметкерлер құрамының біліктілігін жоғарлату жоспарлануда.

12.2 Қоршаған ортаға әсері

Жоба идеясы қоршаған ортаның өзгеруін қарастырмайды.

Назарларыңызға
рахмет!